



Автор: Мурадилова Шолпан Кадыровна

Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Қазақ ұлттық қолөнері

Тақырып: Қазақтың ұлттық қолөнері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.1.1.1 - тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау; 6.2.2.1 - тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжайды, сөйлеу этикеті формаларын сақтай отырып, диалогке қатысады. Көпшілігі: тыңдалым мәтініне қатысты жоспар құрып, әңгімелейді Кейбірі: тыңдалым мәтінде көтерілетін мәселені шынайы өмірмен салыстыра отырып, дәлелдейді.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: қолөнер, шебер, жүн, киіз басу, құрақ көрпе. Диалог құруға арналған пайдалы тіркестер: : шебер тігінші, оюлардың нұсқасы, құрастыру уақыты, айтынызшы, көрсетіңізші, ғафу етіңіз. Талқылауға арналған сұрақтар: Неліктен қазір қолөнерді жаңғыртуға көп көңіл бөлінуде? Не себепті ұлттық оюларды киімдерге жабыстырады?
Күтілетін нәтиже:	- тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжай алады; - тақырып бойынша диалогтің құрылымын сақтайды; ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын біледі;
Бағалау критерийлері:	- тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжай алады; - тақырып бойынша диалогтің құрылымын сақтайды; ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын біледі;
Құндылықтарды дарыту:	Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы. Құрмет,ынтымақтастық,қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке тәрбиелейді
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Оқушы телефон, аудиовидео материал, интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	Қазақстан тарихы, көркем еңбек
Бастапқы білім:	Киізден жасалатын ұлттық бұйымдары туралы біледі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (1-10)	Ұйымдастыру кезең : Оқушылармен амандасу Психологиялық ахуал тудыру «Арқаға сурет салу» әдісі. Ұжымдық Әдісі: «Ыстық орындық» Үй жұмысың тексеру. /Өткен материалды қайталау. / Дескриптор: - Сұрақтар қояды. -Сұраққа жауап береді. ҚБ: Мұғалімнің бағалауы. Саралау: қолдау (ауызша) Топқа бөлу:Қағаз қиындылары арқылы 1-топ «Киіз үй» 2-топ « Құрақ көрпе» «Ой шақыру» әдісі Тақырыпты ашу мақсатында Шағын таныстырылым көрсетіледі, сұрақтар қойылады Сұрақтар: - Неліктен қазіргі кезде қолөнер дамып жатыр? - Не себеппен ұлттық ою-өрнектер кейбір заттарға орналыстырады? - Сен қалай ойлайсың ?	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (11-35)	<p>Топтық жұмыс.</p> <p>Әдіс: «Stor кадр»</p> <p>1-тапсырма.</p> <p>Мәтінді тыңда.Тірек сөздер арқылы тақырыпты болжа.</p> <p>Тірек сөздер: Қолөнер, шебер ,жүн , киіз басу, құрақ көрпе . Бағалау критерийі: • тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжай алады.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> тірек сөздерді орынды пайдаланады; <input type="checkbox"/> мәселені дұрыс болжайды. <p>ҚБ: дескриптор арқылы</p> <p>Саралау: кейбір оқушыларға қосымша қолдау көрсетіледі .</p> <p>Жұптық жұмыс.</p> <p>Әдіс: «Қос шеңбер»</p> <p>2-тапсырма. Сөз әдебі мен сөйлеу этикетін сақтап, диалог құрастырыңдар;</p> <p>Тірек сөздер: шебер, оюлар, құрастыру, уақыт Диалог құруға берілген тақырыптар: «Қолөнер дүкенінде» «Шебер әжем»</p> <p>Бағалау критерийі:</p> <ul style="list-style-type: none"> • тақырып бойынша диалогтің құрылымын сақтайды; • ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын біледі; <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> сөз әдебі мен сөйлеу этикетін сақтайды; <input type="checkbox"/> сұрақтарды дұрыс құрастырады; <input type="checkbox"/> сұрақтарға дұрыс жауап береді. <p>ҚБ: мұғалімнің бақылауы, өзара бағалау. «Комплименттер бұрқасыны»</p> <p>Саралау: топтау/қабілетті балалар мен оқуы төмен/, жауаптары, жұмыс қарқыны. /кейбір жұптарға қосымша уақыт қарастырылады/</p> <p>«Бұзық телефон» ойыны (Сергіту сәті) /Шеңберге тұрып /</p> <p>Сөздер: қошқар мүйіз, кілем басу</p> <p>Жеке жұмыс</p> <p>3-тапсырма.</p> <p>(Сараланған тапсырма)</p> <p>Тындалған мәтін бойынша:</p> <p>Барлығы: тірек сөздерді қолданып, диалог құрастырыңдар.</p> <p>Көпшілігі: тындалған мәтін бойынша жоспар құрып, ауызша әңгімелеңдер.</p> <p>Кейбірі: көтерілген мәселені шынайы өмірмен салыстыра отырып,дәлелдендер.</p> <p>Тірек сөздер: тұсы,көмкерілген ,жапсырады , күзем, өрнектеліп ,үйлесімді.</p> <p>Мәтін</p> <p>Тұскиіз - үй қабырғасын сәндеуге арналған жиһаз. Тұскиіз- сәндік үшін төсектің тұсына ұстайтын үй жиһаздарының бірі. Көбінесе төсек тұсына ұсталатын болғандықтан Тұскиіз аталған. Тұскиіздің шеті түрлі-түсті жіппен өрнектеліп кестеленген бір түсті матамен көмкеріледі. Ортасында үйлесімді мата салып киізбен астарлайды. Кейде ақ киіздің бетіне түгелдей (қызыл, сары, көк) ою жапсырады. Ертеректе Тұскиіздің қызыл былғарыны күміспен әшекейлеп жасаған түрі де болған. Тұскиіз –сәндік және жылылық үшін, әрі төсек тұсына ілетін үй жиһаздарының бір түрі. Тұскиіздің екі түрі болады, біріншісі жүннен жасалған, екіншісі матадан жасалған тұскиіз. Жүннен жасалған тұскиізді жасау үшін күзгі маусымда қырқылған күзем жүннен тығыздап басылған жұқа киіз дайындалады . Қазіргі кезде де тұскиізді матаның бетіне кесте жіптермен өрнектеп салып, не матаны матаға оюлап бастырып жасайды.</p> <p>Бағалау критерийі:</p> <ul style="list-style-type: none"> • тақырып бойынша диалогтің құрылымын сақтайды; • ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын біледі; <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> тақырып бойынша диалогтің құрылымын сақтайды; <input type="checkbox"/> ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын біледі; <input type="checkbox"/> сюжеттің даму желісін сақтайды; <input type="checkbox"/> әңгімелейді; <input type="checkbox"/> өмірмен дұрыс салыстырады; <input type="checkbox"/> дәлел дұрыс келтіреді; <p>ҚБ: Бақылау , кері байланыс. «Бутерброд»/мұғалім саралайды/</p> <p>Саралау: тапсырма, қолдау</p>	<p>https://kk.wikipedia.org/wiki/</p>

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (36)	<p>Үй жұмысы:</p> <p>Сараланған тапсырма</p> <p>Ғаламтордан өз қалауы бойынша бір тапсырманы орындайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - оюлар түрлері туралы мәліметті ғаламтордан табады, бөліп қорсетеді - оюлар түрлерін бір-бірімен салыстырады -оюлар туралы баяндама жасайды 	
Рефлексия (37-40)	Рефлексия Жетістік баспалдағы	